

Әділетті Қазақстан

Халықаралық
аренада мемлекеттің
ұлттық мүддесін
қамтамасыз етуге
бағытталған
теңгерімді, сындарлы
дипломатия жүзеге
асырылады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ



ЕСЕНТАЙ: көлік көпірі кеңейеді

3

САРАПТАМА



ТАУЛЫ ҚАРАБАҚ ТАҒДЫРЫ ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ?

5

ДЕНСАУЛЫҚ



ДӘРІГЕРЛЕР КЕҢЕСІ: аптап күндері нені ескерген жөн?

9

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

18.07.2023

Түнде:



+23+25 °C
Аздаған бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+36+38 °C
Аздаған бұлтты,
жауын-шашынсыз.



**Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с**

19.07.2023

Түнде:



+24+26 °C
Аздаған бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+35+37 °C
Аздаған бұлтты,
жауын-шашынсыз.



**Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с**

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҢАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №85 (6378) 18 шілде, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР

ел игілігіне қашан берілетіні белгілі болды



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев салынып жатқан проблемалы әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылым нысандарын аралап, құрылыс жұмыстары аяқталуының нақты мерзімін атады.

3

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АВТОТҰРАҚТАР ҚАЛА МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Алматыда ақылы тұрақтар бойынша ақпараттық
тақтайшалар ауыстырылып жатыр



Алматыда бірыңғай оператор – «Алматы паркинг» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны құрылды. Коммуналдық кәсіпорынның бағдарламалық жасақтамасы толық іске қосылғанға дейін бұрын қаланың автотұрақтарын басқарған «А – parking» компаниясы өз қызметін жалғастырып, төлемдерді қабылдайды. Осы кезеңде жиналған барлық қаражат бірыңғай оператордың шотына берілетін болады.

2

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы су тасқыны мен лай көшкіні салдарынан көптеген адамның қаза табуына байланысты Корея Республикасының Президенті Юн Сок Ёльге көңіл айту жеделхатын жолдады.
- Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бүгін «Орталық Азия+ Шығанақтағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі» атты мемлекеттер басшыларының саммитіне қатысу үшін Сауд Арабиясы Корольдігіне жұмыс сапарымен барды.
- Вице-премьерлер Серік Жұманғарин мен Жамшид Ходжаев бірлескен қазақ-өзбек жобаларының орындалу барысын талқылады.
- Өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың киім үлгісі өзгереді.
- Елдің 9 облысында 41 градусқа дейін ыстық болады.
- «Болашақ» стипендиясына құжат қабылдау басталды.
- Қазақ әншісі Құралай Мейрамбек «Витебскідегі Славян базары» музыкалық байқауында үшінші орынды иеленді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ СЕНАТ

ҚР Парламенті Сенатының депутаты Айнуір Арғынбекова Семей қаласындағы «Жылукоммуэнерго» МКК-де болды және 2023-2024 жылдарға арналған жылыту маусымына дайындық жоспарымен танысты.

Сенатор қаладағы қазіргі кездегі жылу көздері туралы жан-жақты хабардар болды. Оған сонымен қатар, №1 жылу энергетика орталығы көрсетілді және жергілікті 92 қазандықтың кейбірі күрделі жөндеуді қажет ететіні туралы айтылды.

«Өткен қыста Екібастұз бен Риддер қалаларында жылу көздері мен жылу желісінің қаншалықты тозғанына куә болдық. Абай облысында осындай жағдайды болдырмау үшін қысқы маусымға дайындық мәселесіне ерекше назар аударуымыз керек», – деп атап өтті Айнуір Арғынбекова.

Депутатқа сондай-ақ, жылу беру маусымына дайындық жұмыстары аясында ауқымды жұмыс атқарылғаны, атап айтқанда, «Ғаббасов» қазандығы қайта жаңартылғаны және жалпы ағымдағы жөндеу жұмыстары жалғасып жатқаны туралы хабарланды.

Депутат Арғынбекова өз кезегінде жергілікті билік бұл мәселені бақылауда ұстауға тиіс екендігі және жылу көздері мен жылу желісінің жай-күйіне тұрақты тексеру жүргізу қажеттігін атап өтті.

«Қаланың барлық жылу желісін нормативтік күйге келтіру облысымыздың басым міндеттерінің бірі және ол бірнеше жылға есептелген ауқымды жұмыс. Біз өңірден сайланған депутаттар ретінде бұл мәселені де бақылауда ұстайтын боламыз», – деді сенатор.

■ МӘЖІЛІС

Мәжіліс депутаттары Олжас Құспеков, Максим Рожин, Болат Керімбек және Самат Нұртаза бастамашылық етіп, Алматы облысындағы шекара бекетіне барды.

Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшелері шекарашылардың жағдайымен танысып жатыр. Шекара бекетіне жүргізілген зерттеу және талдау шекаралық қауіпсіздік пен жұмыс жағдайларын жақсартуға бағытталған заңнамалық бастамалар мен іс-шараларды әзірлеуге негіз болмақ.

Қазіргі уақытта барлық депутат шекара аймағында, тауда жаттығу лагерінде дайындықтан өтіп жатыр. Кейін депутаттар шекара қорғаушыларының қызметі мен қажеттіліктерін толық түсіну үшін шекара бекетінде жұмысын жалғастыруға ниетті. Зерттеу аяқталғаннан кейін олар өз ұсыныстарын Мәжіліс отырысына ұсынууды жоспарлап отыр.

«Біздің жұмысымыз тек заң айналасында ғана емес, сонымен қатар нақты әрекеттер. Мұнда біз бірнеше апта бойы шекарашылармен бірге дайындықтан өтіп, олардың жұмыс жағдайларын зерттеп, оларға ел қорғауда жағдай жасау үшін қажет жағдайда ұсыныстар енгізетін боламыз. Мұндай тәжірибе біздің қорғаушыларымыздың шекара шебінде кездесетін қиындықтарын түсінуге, сол бағытта жұмыс істеуге көмектеседі», – деді депутат Олжас Құспеков.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов орталық мемлекеттік органдар, Бас прокуратура, БҚДА, ҚМА және басқа да ведомстволар басшыларының қатысуымен Экономиканы монополизациялау жөніндегі комиссияның кезекті отырысын өткізді.

Қатысушылар жоғары білім саласындағы бұрын жекеменшікке өткен кейбір активтерді мемлекет меншігіне қайтару мәселесін талқылады.

Премьер-Министр құзырлы мемлекеттік органдарға тиісті құжаттар мен шарттарды тексеріп, олардың заңдылығына құқықтық баға беруді тапсырды. Бұл ретте Әлихан Смайылов аталған оқу орындарындағы оқу процесінің толық тұрақтылығын қамтамасыз ету қажеттілігіне тоқталды, өйткені басталған тексеру студенттерге де, университет қызметкерлеріне де қатысты емес.

Кенесте Қарағанды облысының 30-ға жуық елдімекенін электр қуатымен қамтамасыз етіп отырған жекеменшік энергетикалық компанияның жұмысы да қаралды.

Кәсіпорын меншігіндегі электр желілерінің әбден тозығы жеткені атап өтілді. Осы ретте жөндеу жұмыстары жүргізілмейді әрі апаттық бригадалар тапшы. Жалпы, тексеру барысында анықталған бұзушылықтар жойылмаған. Осыған байланысты жергілікті тұрғындар электр қуатының жиі себепсіз өшіп қалуына, электр қуатының тапшылығына, кері байланыстың толық болмауына және тағы басқа мәселелер бойынша шағымдар айтуда.

Әлихан Смайылов кәсіпорынға қатысты жиналған материалдарды талдау және қалыптасқан жағдайға құқықтық баға беру үшін Бас прокуратураға беруді тапсырды.

■ ӘЛЕУМЕТ

Биылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (МӘСҚ) жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлем алушылардың саны 110,6 мың адамды құрады. Бұл ретте биыл 97,4 мың адамға төлем алғаш рет тағайындалды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыстан босатылған жұмыскерлер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне және соңғы 24 айдағы табысына байланысты 1 айдан 6 айға дейін жұмысынан айырылуы бойынша әлеуметтік төлемдер алады. Төлем жоғалған кірістің 45%-ына дейінгі мөлшерде МӘСҚ қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Төлем тағайындау үшін жұмыстан босатылған жұмыскерге: eGov.kz порталында авторизациялану; «Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту» бөлімінде «Жұмыс іздеуші адамдарды тіркеу» қызметін таңдау; онлайн-қызметке тапсырыс беріп, барлық жолдарды толтыру және оған ЭЦҚ-мен қол қойып, өтінімді жіберу қажет; бір күн ішінде тұрғылықты жеріңіздегі мансап орталығы (МО) бос жұмыс орындарын ұсынады; егер жұмыс табылмаса, 3 жұмыс күні ішінде қашықтықтан жұмыссыз мәртебесі беріледі (қажет болған жағдайда сізге МО қызметкері қосымша ақпарат жинау үшін хабарласады). Бұл қызметті онлайн-режимінде Enbek.kz арқылы да алуға болады.

Жұмыссыз ретінде тіркелу туралы мәліметтер болған кезде Еңбекминнің ақпараттық жүйесі проактивті форматта МӘСҚ-тан төлемді тағайындау бойынша қызмет көрсетуге келісу үшін мобильді телефонға SMS-хабарлама жібереді. Келіскен жағдайда SMS-хабарламаға жауап беру қажет. Төлем автоматты түрде тағайындалады.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

■ ЭКОЛОГИЯ

«ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА»

Елімізде коммуналдық және өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеуді арттыру көзделуде



ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі кеңестің отырысында еліміздің өңірлеріндегі экологиялық ахуалды жақсарту және жаңартылатын энергия көздерін дамыту мәселелері қаралды.

Іс-шараға орталық мемлекеттік органдардың, «Атамекен» ҰКП, ірі салалық орталықтар мен қауымдастықтардың басшылары, сондай-ақ БҰҰ өкілдері қатысты.

Экология және табиғи ресурстар министрі З.Сүлейменова осы аттас Тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде өткен 10 жыл ішінде экономиканың энергия сыйымдылығы 2008 жылғы деңгейден 36,7%-ға қысқартылып, ЖЭК үлесі 4,5%-ға дейін жеткізілгенін баяндады. Сонымен қатар, ормандардың ауданы 5%-ға, ал ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың үлесі республика аумағының 10%-дан астамына дейін жеткізілді.

Сондай-ақ, ҚР көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясы қабылданғаннан кейін Тұжырымдаманы өзектендіру шеңберінде 2030 жыл-

ға қарай коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу және көдеге жарату көрсеткішін 40%-ға, ал ұзақ мерзімді перспективада – 2050 жылға қарай 60%-ға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Ауылдық жерлерде орталықтандырылған жүйені ұйымдастыру арқылы 2040 жылға қарай халықты қалдықтарды жинау және көдеге жарату қызметтерімен қамту 100%-ға жетуге тиіс.

Бұл ретте кәсіпорындарға ең үздік қолжетімді технологияларды енгізуді ынталандыру арқылы 2050 жылға қарай өнеркәсіп қалдықтарын қайта өңдеу және көдеге жарату үлесін 60%-ға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарын қалпына келтіру және жаңадан салу бойынша жұмыстар жүргізілетін болады.

Жаңартылған Тұжырымдаманы

іске асыру шеңберінде атмосфераға ластанушы заттар шығаруды азайту, атап айтқанда ЖЭО-ны жаңғырту және газ отынына көшу, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды және өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін түрлерін қорғау, сондай-ақ орман алқабын кеңейту есебінен іс-шаралар қабылданатын болады.

Премьер-Министр «жасыл экономика» жалпы еліміздің тұрақты дамуының маңызды құралдарының бірі екенін атап өтті. Осыған байланысты Тұжырымдамада қойылған мақсаттар мен индикаторларға қол жеткізу Қазақстан экономикасының даму траекториясын айтарлықтай өзгертуді талап етеді. «Осының нәтижесінде халықтың тұрмыс жағдайы, атмосфералық ауаның жай-күйі, қалдықтарды басқару, су және жер ресурстарын пайдалану жақсарады», – деді Әлихан Смайылов.

Премьер-Министр Экология министрлігіне Тұжырымдаманы өзектендіруді жеделдетіп, жобаны 1 желтоқсанға дейін Үкімет аппаратына енгізуді тапсырды.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

■ ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АВТОТҰРАҚТАР ҚАЛА МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Алматыда ақылы тұрақтар бойынша ақпараттық тақтайшалар ауыстырылып жатыр



**Олжас
жолдыбай**

(Басы 1-бетте)

Автотұрақтарды енгізу әр аудан бойынша кезең-кезеңмен, жеке жүзеге асырылады. Алғашқы автотұрақ Медеу ауданында іске асады. Бұдан әрі Алмалы, Бостандық және басқа да аудандарда жүргізіледі.

Бүгінде тротуар үлгісіндегі ақылы автотұрақтарда жерді қайта ресімдеу жұмыстары аяқталды, Медеу ауданында жаңа операторды көрсете отырып, ақпараттық тақтайшаларды ауыстыру басталды. Бақылау такталары сонымен қатар аймақ нөмірін, тұрақ уақытын және төлем әдістерін көрсетеді.

Жаңа ақпараттық тақтайшалары бар аудандар фото-бейнетіркеудің мобильді кешендерімен бақыланатын болады. Жаңа плиткалар мен аймақтар белгі-

ленбеген жерлерде төлем уақытша алынбайды.

Бүгінгі таңда үш төлем әдісі қолданылады:

1. ЕДБ арқылы тактада көрсетілген жалғыз QR коды арқылы. Қазіргі уақытта автотұрақтарды төлеу Kaspi қосымшасының көмегімен қолжетімді. Halyk Bank қосымшасын 2023 жылдың тамыз айының соңына дейін қосу жоспарлануда. Сондай-ақ, Forte Bank, Jusan Bank, «Банк Центр-Кредит» қосымшаларын қосу мәселесі пысықталуда.

2. Android қолданушылары Play Store дүкеніне орната алатын «Алматы автотұрақтары» мобильді қосымшасы арқылы. Apple пайдаланушыларына арналған қосымша Apple Store мақұлдағаннан кейін қолжетімді болады. Болжамды мерзім – ағымдағы жылдың тамыз айының екінші жартысы.

3. Сайт арқылы almaty-parking.kz төлем үшін картада тұрақ таңдау керек, көлік нөмірін

және тұрақ уақытын көрсету, сонан кейін төлем картасының мәліметтерін енгізіп, төлемді аяқтау қажет. Картамен төлем Halyk Bank интернет-эквайрин арқылы жүзеге асырылады. 2023 жылдың 11 тамызынан бастап автокөлік иелері SMS арқылы және Qiwi және kassa24 терминалдары арқылы тұрақ ақысын төлеуге мүмкіндік алады.

2023 жылдың 11 тамызынан бастап автокөлік иелері тұрақ ақысын SMS арқылы және Qiwi және Kassa24 терминалдары арқылы төлей алады.

«Алматы паркинг» ШЖҚ КМК аудан әкімдіктерімен бірлесіп, ең көп жүретін көшелерді анықтау бойынша жұмыстар жалғасуда, ақылы тұрақтарды орнату үшін орындар белгіленеді. Автотұрақтар Алматы қаласы әкімдігінің бекітілген ережелеріне сәйкес жұмыс істейді. Ағымдағы сәтте қолданыстағы тарифтер сақталады.



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР

ел игілігіне қашан берілетіні белгілі болды



(Басы 1-бетте)

Қала әкімі жұмыс сапары аясында құрылыс-монтаж жұмыстарының аяқталу мерзімі бұзылып, жұмысы енді жалғасып жатқан аталған нысандарға айрықша назар аударды. Аталған нысандар қатарына №9 мектеп-интернат пен балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының жаңа ғимараты, скейтпен сырғанауға салынып жатқан аймағы бар жаңа саябақ, сондай-ақ Гагарин даңғылы бойындағы жылу магистралінің жөнделетін учаскесі кіреді.

Ең бірінші әкім сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған №9 мектеп-интернаттың жаңа ғимаратын қарап шықты. Құрылыс-монтаж жұмыстары 2021 жылдың 20 шілдесінде басталған. Жобаны түзетуді ескере келе, мердігерлік ұйым құрылысты өткен жылдың соңына дейін аяқтауы керек-тін. Желтоқсан айында «Barat & Co» ЖШС мердігеріне қатысты ұзартылған мерзімді бұзғаны үшін сотқа талап-арыз берілді. Сот талқылауынан кейін жұмыстар қайта жанданды. Бүгінде нысан жұмысының 95 пайызы біткен.

Шаһар басшысы құрылыс және білім басқармалары басшылығының назарын балаларды инклюзивті оқыту үшін ғимараттың жайлылығына әсер ететін нақты кемшіліктерге аударды. Әкімнің тапсырмасымен қосымша бюджет қаражаты бөлінген оқу корпусын жарактандыруға айрықша назар аударылды.

Әкім атап өткендей, мектеп ағымдағы жылғы шілденің соңына дейін тапсырылуы тиіс. Әкімдік барлық сәйкессіздік толық жойылғанға дейін мердігердің жұмысын қабылдамайды. Сондай-ақ, әкім белгілеген міндеттердің қатарында мектеп аумағында

Керек дерек

Гагарин даңғылындағы магистраль жыл бойы 60 нысанды жылумен қамтамасыз етеді. Магистральге 19 көппәтерлі тұрғын үй, екі балабақша, басқа да 39 нысан кіреді.



жасыл желекке күтім жасау жүйесін реттеу де кіреді.

Алматы қаласының әкімі нысандарды аралау барысында құрылысы 2021 жылдың тамызында басталған Бостандық ауданындағы балаларға шұғыл көмек көрсету орталығы жаңа корпусының ғимаратын аралады. Мердігер жұмысты 2022 жылдың жел-

тоқсанында аяқтауы керек еді, бірақ нысан уақытында тапсырылмады. Ағымдағы жылдың наурызында әкімдік пайдалануға беру мерзімінің бұзылуына байланысты «Ақ ордасы корпорациясы» ЖШС-на қатысты сотқа талап-арыз берген болатын. Нысандағы жұмыстар жаңартылып, күшейтілген тәртіпте жүргізілуде.

Бүгінде нысандағы жұмыстың 85 пайызы аяқталды. Жабдықтың 96 пайызы сатып алынды. Әкім жаңа корпус ғимаратының құрылысын тамыздың соңына дейін аяқтауды, осы ретте жақын орналасқан №12 аурухананы ескере келе, орталық ғимаратына бірыңғай кіру аймағын ұйымдастыру мәселесін алдын ала пысықтауды тапсырды. Жалпы қуаты тәулігіне 300 келуші болатын жаңа корпус балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету сапасын жақсартуға мүмкіндік бермек.

Нысандарды аралау барысында Ерболат Досаев Алмалы ауданындағы жаңа саябақ аймағына барды. Саябақтың қоғамдық кеңістігін абаттандыру бойынша 2022 жылдың көктемінде басталған құрылыс-монтаж жұмыстары биылғы 1 шілдеде тапсырылуы тиіс болатын. Осы күні жұмыстың 95 пайызы орындалған. Коньки паркінің құрылысы аяқталу сатысында.

Сапар барысында әкім нысанның құрылыс нормасы мен ережесіне толық сәйкестігін тексеруді тапсырды. Қалалық басқармалар коньки паркін салу үшін қажетті бетон құю технологиясын сақтауды ерекше бақылауға алуы керек. Бүкіл кемшілік тамыз айының басына дейін жойылуы тиіс. Сонымен бірге, мегаполис басшысы бейінді басқармалардың назарын саябақтың жасыл қорын одан әрі дамыту қажеттігіне аударды. Ағаштарды күтіп ұстау, қорғауды ерекше бақылауға ұстау тапсырылды. Сондай-ақ, күн райын ескеріп суаруды қамту назарға салынды.

Қала әкімі Гагарин даңғылы бойындағы жылу кешені – 1,6-дан жылу энергиясының орталық транзиттік-бөлу пунктіне дейінгі жылу магистралін қайта жаңарту қарқынын тексерді. Бұған дейін тұрғындар жүргізіліп жатқан жұмыстың баяу екенін алға тартып, дабыл қаққан-тын. Осы учаскеде жылу магистралінің 17 зақымдануы анықталып, үстіміздегі жылғы маусымда күрделі жөндеу басталған еді. Осы күні Гагарин даңғылында траншея әзірлеу жұмыстары 100 пайызға аяқталды. Құбырлар салынып, арнаның төменгі науаларының негізін дайындау, монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Әкім аталған даңғылдағы жұмысты аяқтап, тамыз айының соңына дейін қозғалысты ашуды тапсырды. Жылу энергиясын қайта бөлу, оны қала тұрғындарына жеткізу үшін байланыстырушы осы магистральдың маңызын атап өтті.

ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

ЕСЕНТАЙ:
көлік көпірі кеңейеді

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары аясында Есентай өзені арқылы өтетін көпірді қайта жаңарту барысымен танысып, көлік көпірін кеңейту жұмыстарын қыркүйекке дейін аяқтауды тапсырды.



Көпірді тексеру кезінде әкімге көпірді нығайту жұмысы баяндалды. 2020 жылы құрылымның жағдайы апаттық жағдайда болған-ды. Сараптамалық зерттеу нәтижесінде анықталған ақаулар көпірдің жүк көтергіштігі мен қауіпсіздігіне әсер етті. Енді жөндеу жұмысы шеңберінде ригель күшейтіліп, аралық құрылыстың плиталары жаңартылады, 96 аркалық ауыстырылады. Сондай-ақ, асфальтбетон жабыны салынады. Қайта құру жұмыстары үш кезеңнен тұрады. Бүгінгі таңда жұмыстың екінші кезеңі жүргізілуде. Көпірдегі қозғалыс кезең-кезеңімен ашылады: бүгінде учаскенің оңтүстік жағындағы көпірде жұмыс жүргізіліп, қозғалыс ашылды.

Күзде кезекті оқу жылы басталып, көлік ағыны ұлғайтынын ескерсек, мегаполис басшысының тапсырмасымен құрылыс бригадалары екі ауысымда жұмыс істейді. Бұл көлік көпірін жөндеу жұмыстарын тамыз айының соңына дейін, яки нормативтік мерзімнен 2 есе ерте аяқтауға мүмкіндік береді. Көпірді жөндеу 6 маусымда басталды. Осылайша 6-7 ай орнына қайта құрудың мерзімі 3 айға қысқарып отыр. Құрылыс нормасы мен қауіпсіздік қағидасы толық сақталған кезде жұмыс жүргізіледі.

Қайта құрудың нәтижесінде көлік жолақтарының санын ағымдағы 6-дан 8-ге дейін ұлғайту арқылы көпір кеңейтіледі. Демек, әр бағытта 4 жолақтан болады. Бұл вело-жаяу жүргіншілер көпірін негізгі көліктен бөлек құрылысқа ауыстырудың арқасында мүмкін болды. Е.Досаев ерекше қажеттігі бар адамдарға арналатын пандус орнатуға жауапты орындаушылардың назарын аударды.

Тексеру қорытындысымен мегаполис басшысы көлік көпірін 1 қыркүйектен бастап іске қосуды тапсырды. Жаяу жүргіншілер көпірлерін салу жұмысы қазан айының ортасына дейін аяқталады. Сонымен қатар, қала басшысы келесі жылдың ақпан айына дейін қала тұрғындарының жайлылығы үшін іргелес аумақты абаттандыру бойынша бірқатар тапсырма берді.





● КЕЗДЕСУ

МӘЖІЛІСМЕН
ҰЛТТЫҚ
ҰЛАНДА БОЛДЫНұржамал
ӘЛІШЕВА

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Константин Авершин Ұлттық ұланның «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы мен 5571 әскери бөліміне арнайы іссапармен келіп, әскери құрылымның тыныс-тіршілігімен танысты.

Кездесу барысында құқықтық тәртіп әскерінің қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындау кезінде елеулі әсер ететін бірқатар мәселелер айтылып, Ұлттық ұлан әскерінің тыныс-тіршілігіне қатысты қордаланған сұрақтар талқыланды.

Одан соң халық қалаулысы өңірлік қолбасшылыққа іргелес орналасқан 5571 әскери бөлімінің жауынгерлік әзірлігімен және олардың үй-жайлары, тұрмыс-тіршілігімен жақын танысты. Сонымен қатар, бөлімнің әскери техникасын, атыс қаруы мен жеке құрамның арнайы жабдықтарын қарап өтті. Тұрмыстық үй-жайларды, сарбаздар асханасы мен емдеу бөлмелері бар санитарлық бөлімдерді аралап, түйінді мәселелерге көңіл аударды.

Сапар барысында Мәжіліс депутаты қолбасшылық тарапынан айтылған мәселелер басты назарда болатынын, шешімін табуына күш салатынын жеткізді. Сондай-ақ, құқықтық тәртіп әскерінің жеке құрамына алдағы уақытта да әскер мен мемлекетті нығайтуға лайықты үлес қосатынына сенім білдірді.

– Ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін төл әскеріміздің әлеуеті берік, шекарасы шегендеулі болуы керек. Бүгінгі кездесудің қорытындысы бойынша әскердің жауынгерлік әзірлігін қамтамасыз ету, үй-жайларды, әскери техниканы, қару-жарақты жөндеу жөніндегі проблемалармен таныстым. Әрине, олар бірден шешілмейді, бірақ жан-жақты көмек көрсетіледі. Мәселені билікке жеткізіп, оң шешімін табуға барынша күш саламыз, – деді К.Авершин.

● ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

Алматы қалалық Білім басқармасы балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру барысында жауапсыздық танытқан қызмет көрсетушілермен соттасатын болады.

Білім басқармасы балалардың жазғы демалысына сай келмейтін жағдайлар жөнінде түсініктеме берді. Басқарма қызмет көрсетушіге, мәселен, «БелРичи» ЖШС-ін «жауапсыз жеткізуші» деп тану, аталған компанияның мемлекеттік сатып алуға одан әрмен қатысуына тыйым салу туралы талап-арыз дайындауда. Басқармада қызмет көрсетушінің мемлекеттік сатып алуды өткізудің барлық ережесіне толық сай келген жағдайда анықталғаны түсіндірілді.

Мәселен, 13 шілдеде «Арман дала» саяжай лагерінде балалар демалысын ұйымдастыру туралы шарт жасалды, 15 шілдеде білім басқармасының қызметкерлерімен бірге демалушылардың бастапқы легі келді. Тиісті талаптың бұзылу фактісі анықталған кезде балаларды үйіне қайтару шұғыл түрде бас-талды. Қазіргі уақытта лагерьде балалар жоқ. Жақын арада олар мектеп оқушылары демалған кезде ереже қатаң сақталатын лагерьлерге жіберілетін болады.

Қызмет көрсетушімен ағымдағы шарт бұзылады, сондай-ақ осы компанияның басқа мемлекеттік сатып алуға қатысуына жол бермеу үшін жосықсыз өнім беруші деп тану

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Алматыда магистральдық жолдарда жөндеу жұмыстары жалғасуда. Қала әкімдігі Алматыдағы жолдың жайына қатысты жаңа ақпараттық ресурс ашты.


Айнабай
МӘДИ

Осыған байланысты мегаполис тұрғындары мен қонақтарын жөнде-летін учаскелердің жабылуы мен айналып өтудің ықтимал жолдары жөнінде өзекті ақпарат туралы жедел хабардар ету мақсатында Алматы әкімдігі 2ГИС әкімшісімен келісім жасады. Енді жол жұмыстарына байланысты барлық жол жабындылары 2ГИС жүйесіне біріктіріліп отыр. Telegram платформасында Almaty Joly жаңа арнасы пайда болды (<https://t.me/AlmatyJoly>).

Онда аудандық маңызы бар көшелер мен магистральды жолдарды жөндеу кезіндегі қаладағы көлік қоз-

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ

жүргізушілерге 2ГИС көмекке келді



● КЕРЕК ДЕРЕК

- Биыл ұзындығы 200 км-ден асатын 230 көшені орташа жөндеу жоспарланған.
- Былтыр 210 көшені жөндеу жүзеге асырылды.

ғалысын ұйымдастыру туралы барлық ақпарат жиналған. Арнадағы мәліметтер қалалық Мобильділік басқармасы берген өзекті деректер негізінде жазылады. Бұған қоса, Алматы әкімдігі 2ГИС сервисі арқылы қала тұрғындарын жол жөндеу жұмыстары жайлы құлақтандыруға қол жеткізді. Қосымшадан пайдаланушылар қаладағы жабылған көшелер мен жол жұмыстарын біле алады.

Қосымшада барлық жабық көше мен жол жұмысы картада көрсетіледі. Ақпарат күн сайын жаңартылып отырады, осылайша қаланың әрбір тұрғыны өз бағытын кідіріссіз жоспарлай алады. Картадағы жабық көшелер қара түспен белгіленеді, сонымен қатар пайдаланушылар «кептеліс» қабаты арқылы жол кептелісін айналып өте алады. Жол жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан аумақтар туралы соңғы ақпарат қала әкімдігі мен қалалық Мобильділік басқармасының ресми парақшаларында да қолжетімді.

● БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

ТАУ ТУРИЗМІ

Қауіпсіздік ережелерін сақтау маңызды

Олжас
МҰРАТБЕКҰЛЫ

ҚР ТЖМ баспасөз қызметінің хабарлауынша, сағат 19.43-те туристерді іздеуге 5 адамнан тұратын жедел құтқарушылар тобы, оның ішінде кинологиялық есептоп шықты. Сағат 21.14-те құтқарушылар жасөспірімдерді тауып, Республикалық жедел-құтқару жасағының көлігіне қарай түсіру жұмыстарын бастады.

– Сағат 23.05-те топ балалармен бірге орман асуына жетіп, төмен түсуді жалғастырды. Сағат 00.19-да құтқарушылар мен балалар Республикалық жедел-құтқару жасағының көлігіне жетті. Бутаков шатқалындағы шлагбаум маңында оларды жасөспірімдердің туыстары күтіп алды, делінген хабарламада.

ТЖМ Республикалық жедел-құтқару жасағының құтқарушылары Алматы қаласы Медеу ауданының тауларында Букреев шыңынан Бутаков шатқалына қарай түсіп келе жатқан кезде жолдан адасып кеткен үш жасөспірімді құтқарды.

● КӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫ

АБАЙ
ДАҢҒЫЛЫЖол жөндеу кестеге
сәйкес жүргізіліп жатырАталған даңғылда жол
жөндеу жұмыстарын жүргі-
зуде жаңа учаскелер анық-
талды.

Абай даңғылындағы жол жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. Қазіргі уақытта батыс бағытта Достық даңғылынан Наурызбай батыр көшесіне дейінгі және шығыс бағытта Тілендиев көшесінен Әуезов көшесіне дейінгі учаскелерде жөндеу жұмыстары толық аяқталды. Онда көлік құралдарының қозғалысы толық көлемде қалпына келтірілді.

Жұмыс Байтұрсынұлы көшесінен Есентай өзені арқылы өтетін көпірге дейінгі учаскеде басталады. Жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 17 шілдедегі сағат 23.00-ден 19 шілдедегі сағат 06.00-ге дейін даңғылдың солтүстік жағымен толық жабылатын полимерлі асфальтбетон төсеу жұмыстары жүргізілетін болады. Жабық учаскені айналып өту Шевченко көшесі, Құрманғазы көшесі, Байтұрсынұлы көшесі, Сәтбаев көшесі арқылы жүзеге асырылады. Байтұрсынұлы көшесі бойынша көліктің өтпелі қозғалысы қолжетімді болады.

Шағабутдинов көшесінен оңтүстік бағытта Абай даңғылына өту және Шәріпов көшесіне Абай даңғылынан солтүстік бағытта өту 17 шілде сағат 23.00-ден 19 шілде сағат 06.00-ге дейін шектеледі. Жол-көлік оқиғаларын болдырмау және жол қозғалысын ұйымдастыру үшін жоғарыда аталған көше учаскесінде патрульдік полиция полкінің 3 экипажы жұмылдырылатын болады. Жөндеу жұмысын жүргізу учаскелері туралы өзекті ақпарат қала әкімдігі мен қалалық Мобильділік басқармасының ресми беттерінде, сондай-ақ ГАЖ 2-қосымшасында қолжетімді болады.

Айта кетерлігі, Алматыда алғаш рет құрамдағы полимерлерді пайдалана отырып, асфальт төсеу жұмыстары жүргізілуде. Мұндай қоспалар өте төзімді, жұмсару температурасы жоғары (65-70°C). Сондықтан ыстық көп әсер етпестен оған төтеп бере алады, әрі әлдеқайда ұзағырақ қызметке жарайды. Әлбетте, мұндай төсемнің пайдалану мерзімі 5 жылдан 8-10 жылға дейін ұзаратын болады.

Жөндеу жұмыстары 2023 жылға жоспарланған жұмыстар аясында жүргізілуде. Жол мамандары уақытша қолайсыздық үшін қала тұрғындарынан кешірім сұрайды. Қала жолдарының ұзағырақ қызмет етуі қажетті шара екендігін ескерген мақұл. Жолға шыққандар бағытын алдын ала белгілеп алғаны абзал.

А.ҚЫДЫР.

Арыз-шағым аяқсыз қалмайды



туралы талап-арыз беріледі. Білім басқармасының жауапты қызметкеріне қатаң сөгіс жарияланды.

Бүгінде Білім басқармасы Қоғамдық кенеспен бірлесіп жұмыс тобын құрды. Оның құрамына ата-аналар қауымдастығы, қалалық прокуратура мен барлық мүдделі орган өкілдері кірді. Жұмыс тобы аясында барлық қала сыртындағы лагерьлер тексеріледі. Жұмыс тобы қала маңындағы лагерьлерге жүргізілген мониторингті қорытындылап, үнемі есеп беріп тұратын болады.

PS: Алматы қаласының прокуратура-сы аты аталған лагерьге байланысты кә-метел жасқа толмаған жеткіншекті тәр-биелеу жөнінде құзіреттілігін асыра пайдалану және міндеттерін орындамау фактілері бойынша сотқа дейінгі тергеу жұмыстарын бастады. Қылмыстық іс-терді тергеу Алматы қаласы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне тапсырылды.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.



САРАПТАМА

ТАУЛЫ ҚАРАБАҚ ТАҒДЫРЫ
ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ?

15 шілдеде Еуропалық кеңес төрағасы Шарль Мишель саяси мәлімдеме жасады. Басты тақырып – Армения мен Әзербайжан арасындағы келіссөз. Бұл жолы келіссөз үстеліне Армения Премьер-министрі Никол Пашинян мен Әзербайжан президенті Ильхам Алиев отырды. Екі ел тағы да Таулы Қарабақты бөлісе алмай отыр.

Дауды шешуге Еуропалық одақ мүдделі болып отыр. Олардың басты мақсаты – Кавказ аймағына Мәскеудің саяси ықпалын төмендету. Брюссельдің екі жақты татуластыру әрекетін, жалпы Батыс пен Мәскеу арасындағы қарым-қатынастың нашарлауы контекстінде қараған жөн. Осылайша көз алдымызда З.Бжезинскийдің тілімен айтқанда ұлы шахмат ойыны жүруде. Шахматтағы секілді саясатта да бірнеше бағытта ойнау қажет.

Даудың басы...

Мемлекеттер де адам сияқты. Адамдар бір-бірімен жылдап дауласуы мүмкін. Ол адамдар өзара тәуелді болса, мәселе ұзақ уақыт шешілмейді. Себебі, екі жақ бірін-бірі жақтырмаса да, бірлесіп әрекет етуіне тура келеді. Бұл жағдайда ұрыс-керіс уақытша тоқтатылады. Ол тоқтағанымен арадағы келіспеушілік сақталады. Бұл теңеуді Армения мен Әзербайжанға да қолдануға болады.

Биыл Таулы Қарабақ дауы тағы өршіді. Екі ел арасына сызат түсті. Бұл даудың биыл басталғанын білдірмейді. Ол 2020 жылдан бері жалғасуда.

2020 жылдың 27 қыркүйегінде Екінші Қарабақ соғысы басталды. Соғыс 44 күнге созылып, 10 қарашада аяқталды. Кеңес үкіметі ыдырағаннан бері мұнда екінші рет ірі соғыс болды. Алғашқы қарулы қақтығыс 1994 жылы болып еді. Шекара майданында екі жақ болды. Бірі – Әзербайжан болса, екіншісі – Армения мен мойындалмаған Таулы Қарабақ республикасы.

Екі ел тек қарумен ғана емес, әскери-идеологиялық соғыс та жүргізді. Әзербайжан тарапы бұл соғысты «Отан соғысы» деп атады. Себебі, алғашқы ірі соғыста жеңілген. Осылайша өздеріне тиесілі жерді қайтарып алуды көздеді.

Ал Армения болса, соғысты «Екінші Архацк соғысы» мен «Отан соғысы» атауларын берді. Оның да себебі бар. Әлем елдері мойындамаған Таулы Қарабақ республикасының басым көпшілігін армяндар құрайды. Ал олардың тарихи атауы архацктықтар.

Қарулы қақтығыс ұзаққа созылды. Соғысты Әзербайжан жеңімпаз ел ретінде аяқтады. Әскери қақтығыстың нәтижесінде Әзербайжан Жебраил, Физули, Зангелан, Губадлы және стратегиялық маңызды Шуша қалаларына бақылау орнатты.

Сөйтіп, 10 қарашада Армения, Әзербайжан және Ресей арасындағы ұшжақты келісімге қол қойылды. Келісім оқ атуды тоқтатты. Одан басқа, Әзербайжан бақылау орнатқан қалалар оның иелігінде қалатын болды. Ресейдің бітімгер әскерлері Таулы Қарабаққа енгізілді. Ал Армения әскерін қайтарды.

Мұнымен мәселе шешілмеді. 2021 жылы дау қайтадан өршіді. 12 мамырда Армения мен Әзербайжан арасында шекаралық дағдарыс басталды. Ол әлі күнге дейін жалғасуда.

Бастапқыда екі елдің әскерлері Севлич көлін бөлісе алмай қалған. «Севлич» шекарада орналасқан көл. Ол Сюник облысы мен Лачин аудандарының аралығында жатыр. Екі жақ та көлді өзінікі деп есептейді. Арада шекара әскерлері арасында кішігірім қарулы қақтығыстар болды. Мұндай жағдайлар қазан айына дейін қайталанды. 26 қазанда Ресей, Армения мен Әзербайжан арасында шекараны бекіту жайлы келісім жасалды. Алайда, бұл дауды уақытша тоқтатты.

2022 жылы көршілер қайтадан дауласты. 1 тамызда 2020 жылдан бергі ірі әскери қақтығыс орын алды. Ол 3 тамызға дейін ұласты. Екі жақ та бір-бірін территориялық тұтастықты бұзды деп айыптады.

Пашиняның беделі түсуде...

Никол Пашинян Арменияның қазіргі Премьер-Министрі. Ол 2021 жылдан бері осы лауазымды атқарып келеді. Осымен үшінші рет сайланып отыр. Елдегі ішкі саяси дағдарыс пен сыртқы саясаттағы жеңілістер оның саяси мансабына балта шабуы мүмкін.

Никол Пашиняның да сыртқы саяси риторикасы сайлау науқанында өзгеруде. Екінші Қарабақ соғысындағы жеңіліс оның саяси беделін түсірді. Әсіресе, елдің ішінде наразылар көбейді. «Қарсыласу» қозғалысы 2020 жылдан басталды. Олар Никол Пашинянға қарсы саяси наразылыққа шықты. Қарсылық, әсіресе, Ереван қаласында күшті болды. Оған өзге де қалалар қосылды. Оның ішінде Таулы Қарабақ республикасындағы наразылықты да атап өткен жөн.

Түрлі оппозициялық топтың белсенділері мен соғыста мерт болған, жараланған және тұтқындалған әскерилердің туысқандары жер-жерден наразылыққа шықты. Олар қазіргі премьер-министрді қызметінен кетіру және кезектен тыс сайлауды өткізуді мақсат етті. Наразылар азаматтық мойынсынбау, демонстрация, шеру, көлік қозғалысын шектеу, әлеуметтік желіде белсенділік, флэшмоб сияқты әдістерді қолданды.

Кез келген наразылық саяси күшке айналу үшін оларды




саяси институттар мен билікке ықпал етуші топтар қолдауы тиіс. Әйтпесе, қозғалыс құр сөз болып қалады да, әрекеті сәтсіздікке ұшырайды.

«Қарсыласу» қозғалысының саяси дінгегін Армения альянсы мен «Честь имею» альянстары құрады. Армения альянсы Дашнакцутюн мен «Қайта түленген Армения» саяси партиялар бірлестігінен тұрды. Ал «Честь имею» альянсы Арменияның республикалық партиясы мен «Отан» партиялары бірлестігі. Бұл саяси күштер 2021 жылы кезектен тыс сайлаудан алдын құрылған. Басты қарсыласы Никол Пашинян.

Сондай-ақ, қозғалысты «Зартонк» ұлттық-христиан партиясы, «5165» ұлттық консервативті қозғалысы, Арменияның христиан-демократиялық одағы және өзге де азаматтық күштер қолдады.

Кейбір деректер наразылардың саны 50 мыңға жетті дейді. Қалай дегенмен де, азаматтық белсенділік нәтижесіз аяқталды. Пашинян шахмат тақтасында саяси қарсыластарының алдын орап кетті. Басты айласы кезектен тыс парламент сайлауын ұйымдастыру еді. Ол саяси қулығын екінші рет іске асырды. Алғаш рет 2019 жылы қолданып еді. Бұл саяси технологияны посткеңестік кеңістікте кең көлемде қолданады.

2021 жылы ішкі саяси дағдарыс кезінде ол тақымын басты да тәуекелге барды. Сөйтіп, айы оңынан туып үшінші рет премьер-министр лауазымына тағайындалды. Оның жетекшілігіндегі «Азаматтық келісім» партиясы сайлауда жеңіске жетті. 53 пайыздан аса дауыс алған оның партиясы Парламенттік үлкен фракцияны құрады. Енді кез келген саяси бастамаларды парламент арқылы жүзеге асыруына мүмкіндік туды.



Әйтсе де, премьер-министрдің беделі тағы түсуі мүмкін. Мұны 2022 жылғы тамыздағы әскери қақтығыстан кейінгі халықтың наразылығы дәлелдейді. Тамыздағы қақтығыста Армения тағы да жеңілді. Елдегі оппозициялық күштер мен наразылар осындай пікірде. Олар екі ел арасындағы келісім-шартқа келіспей отыр.

Быттыр қыркүйекте Армения Премьер-министрі Никол Пашинян Әзербайжанмен келісім-шартқа қол қоямыз деп мәлімдеген. Көп ұзамай, оппозициялық күштер мен наразы топтар оған келіспей саяси талаптар қоя бастады. Олар Үкімет ғимаратының алдына жиналып «Пашинян-сатқын» деп ұрандата бастады.

Наразылардың бір бөлігі Парламенттің алдында да жиналды. Олар көлік қозғалысын шектеген. Ғимараттың алдында билікті Армения мен Арцахтың мүддесін қорғай алмады деп айыптаған.

Наразылыққа Премьер-министрдің парламентте сөйлеген сөзі түрткі болды. Ол онда Арменияның келісімге келуге дайын екенін және бұл наразылық тудыратынын білеміз деп мәлімдеген. Бірақ сонда да шартқа қол қоямыз. Бізге 29800 ш. км аумағы бар Арменияның алдағы бейбіт өмірі қажет деген. Дәл осы аумақты айтуының да саяси себебі бар. Себебі, осы аумаққа Таулы Қарабақ енебейді.

Алайда, ол наразылық акцияларынан кейін сөздерін қайтып алып, Армения ешқандай құжатқа қол қоймайды деп мәлімдеді. Осыдан кейін екі ел арасындағы дау қайтадан өршіді.

Геосаяси ойын
алаңына айналды

2020 жылдан бері Таулы Қарабақ әлемдік саяси ойыншылар мүддесі тоғысқан геосаяси алаңға айналды. Басты ойыншылар – Ресей мен Еуропалық одақ. Алғашқысы баяғыдан бұл аймақты өзінің геосаяси ықпал ету аймағы деп біледі. 2022 жылға дейін солай болып келді де. Бітімгерлік қызметті ойдағыдай жасап келді. Алайда, Украинамен арадағы қарым-қатынастың нашарлауы Кавказ аймағына ықпалын азайтуда. Керісінше, Еуропалық одақтың аймаққа саяси ықпалы өсіп келеді.

Биыл мамырдан бері екі ел басшылары 6 рет келіссөз үстеліне отырды. Келіссөздер Мәскеуде, Кишиневте, Вашингтонда, екі елдің шекарасында және Брюссельде өтті. Мәскеуде өткен келіссөздер нәтижесіз аяқталды. Себебі, Пашинян ҰҚШҰ ұйымын айыптай бастады. Оған да негіз бар.

Армения өткен жылы қыркүйектегі халық наразылығынан кейін Қарабақ мәселесін шешуде ҰҚШҰ ұйымына иық артпақ болды. Бірақ ұйым мүшелері екі көрші елдің араздығына араласпау туралы шешімге келді. Құқықтық тұрғыдан бұл дұрыс шешім. Себебі, әскери әрекеттер мойындалмаған Таулы Қарабақ территориясында жүруде. Сондықтан мұны одақтас елге жасалған агрессия дей алмаймыз.

Брюссельде өткен келіссөзді де нәтижелі деп айта алмаймыз. Онда да даулы мәселе шешілген жоқ. Себебі, екі жақ та айтқанынан қайтпайды. Никол Пашинян шегінетін болса, саяси мансабынан айырылуы мүмкін. Ал Ильхам Алиев соғыстағы жеңісі арқылы саяси беделін арттырды. Қала берді, 2025 жылы президенттік өкілеттігі аяқталады. Сондықтан 2024 жылы кезектен тыс сайлауды өткізуі де мүмкін. Ол да саяси науқаннан алдын беделіне жұмыс істейді.

Пердехан ШАМШИЕВ,
сарапшы.





САЛАУАТТЫ ӨМІР



ТАУҒА ШЫҒУ – ТАПТЫРМАС ТЫНЫҒУ

Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелері шыңға шығу шарасын ұйымдастырды

Алматы қаласы әкімдігі мен қалалық Альпинизм федерациясының қолдауымен Қазақстан халқы Ассамблеясы үлкен іс-шараны қолға алды. Бұл салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылып отыр. Осылайша еліміздегі көрікті жерлерге де жұртшылық назары ауды. Осы ретте Қазақстан халқы Ассамблеясының шыңы деп аталатын – «Физкультурник» шыңына шығу ұйымдастырылды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Айтулы іс-шараға Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары-хатшылық меңгерушісі М.Әзілханов, республикалық этномәдени бірлестіктердің көшбасшылары, Қазақстан халқы Ассамблеясының белсенді жастары, спортшылар, қоғам қайраткерлері қатысты.

Өткізіліп отырған іс-шараның өзіндік ерекше тұстары да жетерлік болды. Мәселен, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері мен түрлі сала өкілдері 4068 метр биіктікке көтеріліп, Іле Алатауының Тянь-Шань жотасы шыңдарының бірін бағындырды. Осылайша тілсіз таудың күдіретін ұғындырып, тылсым табиғатқа тағзым жасады.

Жалпы, қазақта «тауға шықсаң, тазарасың», «таудай болып өс!», «таудай талап» деген сыңайлы батаға бергісіз сөздер жетерлік. Яғни біз үшін таудың орны да, жөні

де бөлек. Міне, іс-шараны ұйымдастырушылар тауға көтерілу арқылы бүкіл Қазақстан халқының бірлігін білдіріп отыр. Түрлі этностардың бірлесе шыңды бағындыруы, ең алдымен, Қазақстан мәдениетінің бай палитрасымен танысуға, нетворкингке, сондай-ақ рухани қарым-қатынасқа тамаша мүмкіндік ашатын болады.

Осы ретте Ассамблея төрағасы орынбасары бұл іс-шара Кіші Алматы шатқалының тау шыңының сұлулығымен танысуға мүмкіндік беріп, Қазақстанда экологиялық туризмді дамытудың басым модельдерінің

көтерілуін талқылайтын орынға айналатынын жеткізді.

– Қазақстан халқы Ассамблеясы өз қызметіне айтарлықтай трансформация жасап, мәдениетаралық өзара іс-қимыл алаңдарын құрудан басқа, экология мен қоршаған ортаны сақтау, бұқаралық спорт түрлерін танымал ету бойынша жобаларды дамытып жатыр. Олар Қазақстанның басқа аймақтарынан ғана емес, бүкіл әлемнен туристерді тартары сөзсіз. Қазақстанның табиғи және мәдени мұра объектілеріне баратын туристік маршруттарды әзірлеу Ассамблея мүшелерінің Қазақстанның туристік әлеуетін дамытуға қосқан маңызды үлесі болып табылары сөзсіз, – деді М.Әзілханов.

Бұл күні Азат Абыкен, Алина Кан, «Алға, Петербург» каналын жүргізуші Иван Червинский тағы басқа танымал блогерлер де қатысты.

– Таулар адамды салауатты өмір салтын ұстануға, рухани дамуға және физикалық тұрғыдан қуаттандыруға серпіліс береді. Мен де Ассамблея белсенділерімен бірге ерекше әсерге бөлендім. Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі жан-жақты екені сөзсіз. Шыңға көтерілу арқылы ҚХА-ның іс-шараларды ұйымдастырудағы жаңа форматтарды қолданып жатқандарын көрсетеді. Бұл мен сияқты қазақ халқының нағыз жанкүйерін қуантпауы мүмкін емес, – деп ағынан жарылды И.Червинский.

Сонымен қатар, қатысушылар Қазақстан халқы Ассамблеясының жаңа идеяларымен танысып, өзара пікір алмасты. Бұл спорттық демалыс пен жаңа жұмыс жобаларын құру мүмкіндігі арасындағы жақсы байланыс екенін байқатты.

Өз кезегінде «Ассамблея жастары» РҚБ төрағасы Тимур Жұмырбаев Ассамблея мүшелері айтарлықтай жасарғанын, олардың қатарында жастар қауымдастығының жарқын және креативті көшбасшылары бар екенін ерекше атап өтті. «Этномәдени бірлестіктердің төрағалары көптеген жарыстарға, веложарыстарға және марафондарға қатысатын мысалдар жиі кездеседі. Осы орайда, биыл Ассамблея елордада Қазақстан халқы бірлігі күніне арнайы «Бірлік» жарысын ұйымдастырып, өңірлерде футбол чемпионаттары да өткізілуде. Бұған қоса, экологиялық бағыттағы жобалар да белсенді түрде дамып жатыр. Еліміздің барлық аймақтарында «Халық бірлігі» алаңдары құрылып, жастар жағы Қазақстанның су айдындары мен табиғи көрікті жерлерін тазартуға белсене қатысуда.

Таудан түскендер ерекше күш алып, рухтанып түскенін айтады. Олардың сөзінше, аталмыш іс-шара Ассамблея командасының салауатты өмір салтын ұстанудағы тағы бір айқын көрінісінің белгісі іспетті.



Суреттерді түсірген Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ.



ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР



Ұлы даланың ТҰЛПАРЛАРЫ

Сәйгүлік. Тұлпар.

Ұлан-ғайыр Ұлы Даламыздың кермаралдай керілген кербез төсінде қолтығынан жел кеулеп, көсіле шауып бара жатқан сәйгүліктен сұлу не бар десеңізші! Қазақ үшін ең қасиетті де киелі жануар – жылқы. Жылқыны тіпті жануар деуге де ауыз бармайды... Ол – адамның қанаты, серігі, сырласы!

Қазақта ел қорғаған батырлар туралы сөз бола қалса, олардың ерекше қасиетке ие тұлпарлары туралы да қатар айтылып жатады. Әсіресе, тарихи жырлар мен батырлар жырын, аңыз-әңгімелерді қас батырларға тән тұлпарларсыз кездестірудің өзі қиын. Қобыландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары, Қамбардың Қарақасқасы, Қабанбайдың Кубасы, Бөгенбайдың Қызыл аты, Ақанның Құлагері, т.б. сәйгүліктердің бейнесі бар қазақтың жүрегінде жазылып қалғандай болып тұрады. Ал бұл даланы жылқыдан бөліп қарауға тағы болмайды.

ЖЫЛҚЫНЫҢ ТҰҚЫМЫ 250-ДЕН АСАДЫ

Ғалымдардың есептеуінше, бүгінде дүние жүзінде шамамен 65 миллиондай жылқы бар. Жылқының тұқымы 250-ден асады. Осының бәрінің бастапқы тарихы қазақ даласымен тығыз байланысып жатқаны куантады.

«Жылқы біздің қазақ жерінен шыққан. Бұл жәй айтыла салған сөз емес. Оған Көкшетау облысындағы Ботай қонысынан табылып жатқан жылқы сүйектері дәлел. Әлемдік археологияда дәл осылай бір қоныстан жүз мыңдаған жылқы сүйегінің табылуы болмаған. Осы қонысты көптеген ғалым зерттеп, археолог Виктор Зайберт отыз жылдан астам уақыт қазып жатыр. Археологиялық және палеологиялық зерттеулер жүргізе келе, табылған жылқылардың қазақтың жабысынан айнамайтыны белгілі болды», – дейді этнограф ғалым Ахмет Токтабай өз сұхбаттарында.

Атақты партизан, Халық қаһарманы Қасым Қайсенов бір әңгімесінде Киев қаласының төрінде барша жұртты таңқалдырған қазақтың қасиетті бір арғымағы туралы әдемілеп тұрып айтып беріп еді. Сол ойға оралып тұр.

...1954 жылы жазға салым Украинаның астанасы – Киев қаласы ерекше құлпырып сала берді. Жаймашуақ кездің жанға жайлы уақыты болатын. Украин халқы өз елінің Ресеймен тізе қосқан 300 жылдығын

тойлап жатқан. Оған әлемнің түкпір-түкпіріндегі 65 мемлекеттен қонақ шақырылды. Солардың қатарында достық қарым-қатынасы ертеден басталған Қазақстаннан келген кісілер де бар еді.

Киевке Қазақстаннан барлығы оншақты адам келді. Ішінде бұлбұл көмей әншіміз Күләш Байсейітова, мың бұралған бишіміз Шара Жиенқұлова бар. Арасындағы ең жасы – Ермек Серкебаев. Ол кездері саяси қуғын-сүргін көріп, Мәскеуде қызмет етіп жүрген Мұхтар Әуезов делегация қатарына жолдан қосылған. Атақты партизан, жүрек жұтқан батыр Қасым Қайсенов бұлардың бәрінен де ертерек барып алған еді.

КҮЛӘШ ПЕН ШАРАҒА АТ ЖҮРМЕЙ ҚОЙҒАН

Қазақ даласынан тойға тарту ретінде бір сәйгүлік алып барған болатын. 300 жылдық мерейтой ресми түрде Киевтің Орталық стадионында аталып өтті. Сол кезді сағына еске алған Халық қаһарманы, жазушы Қасым Қайсенов:

– Халық керемет көп жиналды. Украина Үкіметі бір жақта трибунада отырды. Біз атты алып келгенде, Мұхаң – Мұхтар Әуезовтің айтуымен, аттың екі жағынан Күләш пен Шара жетектейтін болған. Ең алдымен, Мұхаң мен Нұртас Оңдасынов,

сосын ат жетектеген екі қызымыз, артынан делегация мүшелері жүріп отыратын болды. Аттың ер-тұрманының өзі қымбат, өзі Қостанай малының тұқымы болатын. Атты осылай жетектеп, үкімет алдына апарып тапсыруымыз керек еді, Күләш пен Шара екі жағынан ұстаған ат жүрмей қойды. Алдыңғы екі аяғын көтеріп, аспанға шапшып тұрып алды, – деген еді.

Қазақ жұрты қашаннан-ақ өзі қадір тұтар сыйлы қонағына ат мінгізіп жатады. Себебі, қазақ үшін жылқы малы – мүлде бөлек дүние. «Ер қанаты – ат» деп, оны ерекше бөле-жара атаған. Жол азабына қарамай, алты айшылық жердегі сонау Украинаға ат жетектеп баруы да сондықтан еді. Бірақ Күләш пен Шараның жетегіне ат жүрмей қойған.

Жалпы, «Адам жылқы текті» деп қазақ тегін айтпаған. Қалай болған күнде де, қазақ пен жылқының арасында беймәлім бір байланыс бар. Қазақтың қос шынары – Күләш пен Шараның жетегіне жүрмей, ат аспанға шапшығанда, әркімнің әрқалай ойлағаны рас. Ал шындығында, бұл аттың өзіндік қасиеті бар болатын.

– Төрт түлік малдың ішінде жылқы қазаққа ең жақыны болып есептеледі, жанындай жақсы көретін малдың бірі. Жылқы деген әрі тамақ, әрі көлік. Жылқының мінезі де қызық, өзі қазақпен ортақтасып

тұрады. Қазақ тұрған жердің бәрінде жылқының Керкұлан дейтін бір түрі болды. Ол 1917 жылға дейін бар болатын, содан кейін ол құрып кетті. Анау, Прежевальский жылқысы деп жүргені сол – Керкұлан. 1917 жылдан кейін ол тек Жоңғарияда ғана қалды. Жылқының тағы бір Тарпаң деген тегі бар еді, оның ең соңғы тұяғы 1864 жылы Украин даласында оққа ұшты. Содан кейін Тарпаң болған жоқ, – деген болатын бір әңгімесінде этнограф-ғалым Жағда Бабалықұлы.

«АТ СІЗДЕРГЕ СӘЛЕМ БЕРІП ЖАТЫР»...

Әрине, бұл аттың арғы аталарының бірі осы Украин даласында оққа ұшқанын Киевтің стадионында отырғандардан ешкім білген жоқ. Білген күннің өзінде, ұлан-асыр той үстінде ол кімнің есіне түсе қойсын. Сыйға алып барған ат ойламаған жерден мінез көрсеткенде, ел-жұрт шошыңқырап қалады.

Асаулық танытқан арғымақ аспанға шапшығанын қойғанда, төрдегі құрметті орында отырған маршал Буденный жүгіріп келіп, атты аялай берген. Қазақстан делегациясын бастап барған Нұртас Оңдасынов халқымыздың рәсімі бойынша тойға тарту ретінде әдейі арғымақ әкелгенін айтты.

– Аттың екі аяғын аспанға көтеріп, мінез көрсеткенін көрген жұрт «Аттарын асау ма, немене?» деп сұраған еді. Оған Мұхаңның қалжындап: «Ол асау емес, аттың сіздерге сәлем беріп жатқаны» дегеніне жұрт біраз күліп алды. Тойға келген Буденный трибунадан жүгіріп түсіп, қатты қызығып, аттан айырылғысы келмей, қызықтады да жүрді, – дейді Қасым Қайсенов.

Марқасқа маршал аттың сырын жақсы білсе керек. Сүйріктей сәйгүлікке қатты қызыққан. Ол жағына бір шығып, бұл жағына бір шығып, әбден ындыны құрыған. Аттың жал-құйрығына алма-кезек көз тастап, тосын тартуға таң-тамаша қалыпты. Арғымақты айналшықтап жүріп алған.

Атты тани білетіндерге дауа жоқ. Олар тұлпары қайсы, мәстегі қайсы – сыртынан қарап-ақ ажырата алады. Қазақ жерінен жаман аттың келмесін Буденный да білген. Ұлы далада аңызға айналған небір арғымақтар болғанын, бәлкім, естіген де болар. Бұрынғы қазақтардың да қайсыбірі болсын, аттың сыны мен жай-күйін жетік білуге талпынған. Белгілі сатирик-ақынымыз, марқұм Қажытай Илиясұлы соның бірі десе болады.

– Қазақ жылқының құйрығының өзін жеті-сегізге бөледі: қылыш құйрық, сымпыс құйрық, қисық құйрық, ұялы, шұба-лаң, шалқұйрық, шалаққұйрық деп келеді. Қазақ үшін, алдымен, ат, сосын – бап. Екеуі бір жерден шықса, ол бәйгеден келеді. Пони деген, мәстек деген бізде болмаған. Жылқыны мен тоғызға бөлемін, қазақ соның ең тәуір нұсқасын алып қалған. Алайда, қазаққа біткен тұлпардың бәрін сыртқа, Ресейге алып кетіп қалып отырған, содан кейін өзімізге жылқы құтаймаған, – дейді Қажытай Илиясұлы.

Украинаға алып барған ат та осындай текті тұқымнан болатын. Жетекке жүрмей жылқыған аттан шошынған жұрт Әуезовтің тапқырлығына дән риза болады. Ел-жұрттың есін алған ер-тұрман мен қарасаң көз тоймайтын сұлу сәйгүлік тамаша тойдың сәнін кіргізген. Украин халқы Тарас Шевченконың бір жұртына айналған Қазақстаннан келген тартуды ерекше ықыласпен қабылдайды.

– Күләш пен Шараның жетегіне ат жүрмей қойғанда, аттың күтушісі: «Бұл ат әйел адамның артынан ермейтін еді, басқа кісілер жетекке алсын» деді. Содан не істейміз, бір жағынан мен, бір жағынан Ермек Серкебаев ұстап едік, ат жүріп кетті, – дейді Халық қаһарманы, жазушы Қасым Қайсенов.

Шынында, байқап қарап тұрсаңыз, жылқы да адам сияқты, өзіндік әртүрлі мінезі болады. Оның үстіне, той үстінде тарпаңдық танытқан тұлпар Қазақ даласынан барған емес пе. Күләш пен Шара әйел заты болғасын, жетегіне жүрмей қойған. Тектілігін танытқан. Беріге дейін келген қасиетті сәйгүліктер ойға түссе, көзден ғайып болған қайран тұлпарлар-ай дейсіз амалсыз...

Ә.ИСЛАМХАНҰЛЫ.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫ

азаматтар тарапынан оларға қатысты
сауалдар көп...

Соңғы кездері жеке сот орындаушыларға қатысты шағым көбейген. «Біреудің банктік шотын заңсыз бұғаттапты», «еңбегіне алатын үстемақыны бірнеше есе көп алыпты», «жалғызбасты ананың алименттен өндіретін ақшасын алып қойыпты», «жоқ қарызды бар етіп көрсетіпті» дегендерді жиі естиміз.

Соттың шешімдері мен қаулыларын орындайтын, орындамаған азаматтарға орындататын құқықтық қызметкерге арнайы лицензия беріледі. Бүгінде кейбірі сот орындаушыларын коллекторлармен шатастырып жатады. Былтыр Алматы облысы, Ақбұлақ ауданында 5 адамды өлтіріп, өмір бойы түрмеге тоғытылған Дужновтың ісінен кейін сот орындаушыларының міндетін реттеу мәселесі Парламентте қаралған еді. Қоғамда да біраз пікірталас туындады. Бірақ арада жыл өтсе де, заң талаптарын орындайтын қызметкерлер мәселесінің әлі «бір қайнауы кем» сияқты ма, қалай? Жеке сот орындаушыларына қатысты шағымдар көбінде жиі заңсыз әрекетке баратынын заңгерлер де растайды. Сала мамандарының айтуынша, сот орындаушыларынан қорқудың қажеті жоқ.

Институттың тарихына зер салсақ, 2005 жылы өткен ҚР Судьяларының IV съезінде Қазақстанда жеке сот орындаушылар институтын енгізу мәселесі көтеріліп, кейіннен «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылардың мәртебесі туралы» Заңның жобасы Парламент Мәжілісіне ұсынылды. Сөйтіп, ҚР Президенті 2010 жылдың 2 сәуірінде



қол қойды. Соған сәйкес, жеке сот орындаушылар институтында бастапқыда бұрынғы мемлекеттік сот орындаушылар ғана лицензия алып жұмыс істей бастады. Биыл жеке сот орындаушылар құрылымының құрылғанына 13 жыл толды. Содан бері 57 заң мен оның 116-бабына 397 түзету енгізілді, 11 бап алынып тасталды, 10 жаңа бап пайда болды. Былтырғы ресми ақпарат бойынша, республикада 263 мемлекеттік сот орындаушысы, 2200 жеке сот орындаушысы бар. Олардың қызметі мен міндеттері «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылардың мәртебесі туралы» Заңымен реттеледі.

Заңға енгізілген соңғы өзгерістердің бірі – енді сот орындаушылары борышкердің есепшотындағы қаражаттың толық бұғаттай алмайды. Жылдың басында Әділет министрлігі осындай әдістемелік ұсынымды бекіткен еді. Тағы бір мәселе, бір рет лицензиясынан айырылған сот орындаушы 3 жылдан кейін қайта лицензия

ала алады. Прокуратура келтірген мәлімет бойынша, былтыр 9 жеке сот орындаушы лицензиясынан айырылған. Не үшін лицензиясынан айырылғанына, нақты себебіне қарамастан сол сот орындаушылары үш жылдан кейін қайтадан қызметіне кірісе алады.

Заңгерлерге азаматтар тарапынан сот орындаушыға қатысты келетін сұрақтар өте көп. Сондай сұрақтардың бірі – «неге мен сот орындаушыға қарыздан бөлек, тағы да үстемақы төлеуім керек?». Осы ретте сот орындаушының санкциясының нақты сомасы болу керек екенін айта кеткен жөн. Несиеде ғана емес, басқа біреуден қарыз өндіруде қаражаттан бөлек, сот орындаушының жұмысына санкциясын төлеу міндеттеледі. Жеке сот орындаушылар туралы сөз болған кезде, ең алдымен, алимент мәселесі тілге тиек болатыны жасырын емес. Осы ретте қала бойынша жеке сот орындаушылары өңірлік палатасынан сұрап білген едік.

Ғани МҰСАҚҰЛОВ,
Алматы қаласы жеке сот
орындаушылары өңірлік
палатасы басшысының
орынбасары:

ТАЛАП
КҮШЕЙЕ ТҮСТІ

Алматыда 286 сот орындаушы жұмыс істейді. Биыл екінші тоқсанда алимент мәселесі бойынша жеке сот орындаушыларының үстіне 34 шағым түсті. Оның бәрі қарастырылуда. Кейбір азаматтар есепшотқа бұғат қою бойынша шағымданады. Биыл 8 сот орындаушының лицензиясы тоқтатылып, жұмыстан шығарылды. Қазір алиментке қатысты шағымдар едәуір азайды. Алматы қаласы бойынша 10 мамандандырылған арнайы бақылау кеңсесі жұмыс істейді. Бұл кеңсе тек алимент мәселесін қарастырады. Қала бойынша жеке сот орындаушылары айналысатын істердің үлесі бойынша алимент бірінші орында тұр. Біздегі мамандардың көбі осы мәселемен жиі айналысады. Сот орындаушыларының басты міндеті – соттың шешімін орындау. Тек алимент қана емес айыппұлдар, мемлекетке төленетін айыппұлдар ісі де қаралады. «Борышкер» іс-шарасы арқылы Алматы қаласы Полиция департаменті мен Салық комитетімен бірге жұмыс істеп, қалалық бюджетке 15 миллионға жуық қаржы өндірілді. Сондықтан барлық сот орындаушыға кір келтіре беруге болмайды. Қазір талап та, заң да қатаңдатылды. Заңсыз әрекетке барған қызметкерді жұмыстан шығарамыз.

Лицензиясынан айырылған сот орындаушының қайтадан палатаға жұмысқа кіруі екіталай. Мемлекетке жарна төлеп, ауызша, жазбаша емтихан тапсырады. Мамандарға талап күшейді. Мемлекеттік қызметке жұмысқа кірерде тест тапсырады ғой. Қазір бізде де сондай жүйе енгізілген. Компьютер арқылы тест тапсырады. 100 баллдан 75 балл алуға тиіс. «Үш жыл демалып, жұмысына қайта кіріседі. Лицензия қайтару қиын емес» деген алыпқашпа әңгімелерге сенудің қажеті жоқ.

Алматы қаласы жеке сот орындаушылары өңірлік палатасы 2013 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Біз Алматы облысына қатысты мәселелерді қарай алмаймыз. Кейбір борышкерлер келеді. Тек қала бойынша қызмет көрсетіледі. Республиканың әр өңірінде палаталар жұмыс істейді. Қалада тіркелген, бірақ басқа қалада тұратын борышкерге істі жібереміз. Тұрғылықты мекенжай бойынша істер қозғалады. Жеке сот орындаушыларына қатысты шағымдардың арасында дәлелі жоқтар да бар.

Қазір көптеген коллекторлық компания қызметкерлері сот орындаушыларының атын жамылып, азаматтарға хабарласып жатады. Жеке сот орындаушыларының эмблемасын өздеріне қойып, біздің атымыздан сөйлейді. Осындай фактілер бұрын жиі кездесетін. Коллекторлар тарапынан болатын мұндай заңсыз әрекеттер соңғы кездері азайып келеді.

Бетті дайындаған
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

МАМАН КЕҢЕСІ

Амангүл ҚЫДАНҚЫЗЫ,
қоғам қайраткері, заңгер:

ҚҰҚЫҒЫН ҚАЙТА ҚАРАУ ҚАЖЕТ

Жеке сот орындаушыларына қатысты маман ретіндегі пікірім екіге айырылады. Мемлекеттік сот орындаушыларының тарапынан жұмыс істеу тәсілі өте тиімді де, ал жеке сот орындаушыларына келген кезде қарама-қайшылықтар байқалып-ақ қалады. Ең алдымен, жауапкершілігін күшейту керек деп санаймын. Сот орындаушыларының жұмысына қатысты заңды әлі де мұқият қарау керек сияқты. Заңгерлік кеңес алу үшін Алматыдан бөлек, басқа өңірлерден жиі хабарласып жатады. Соттарға жиі қатысамыз. Шикіліктер жиі байқалады. Сот орындаушыларының ішінде міндетін 2019 жылдан бері әлі орындамаған істер көп. Мемлекеттік деңгейдегі сот орындаушыларының тарапынан 10 миллионнан астам істі қарау барысында оларды өндіру оңайырақ болады. Сот орындаушылары жұмысы бар азаматтардан алиментті өте қысқа мерзімде өндіре алады, ал жұмыссыздардан өндіре алмай, істі созып жүріп алатын сот орындаушылары бар.

Мәселен, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласындағы бір тұрғынның ісін қарадым. Азаматтың кәмелет жасына толмаған 2 баласы бар. Бір баласы II топтағы мүгедек. Сот орындаушысы төрт жыл бұрын шыққан соттың шешімін әлі күнге дейін орындамай жүр. Сот орындаушысына бірнеше рет хабарласқан. Тек бір жылдан кейін ғана, 2020 жылы борышкерді іздеуге кіріскен. Өзінің тарапынан жұмыс істеп жатқан жоқ. Өз ісіне салғырттық танытатын сот орындаушыларының лицензиясын алып қою керек деп ойлаймын. Жалғызбасты аналардың көбі алимент өндіруде өзінің құқығын толық білмейді. Мұны жақсы білетін сот орындаушылары алиментке қатысты істі қарамай, немқұрайлылық танытады. Себебі, алимент ала алмай жүрген аналар сот орындаушыларының үстінен арыз жазуды білмейді.

Маман ретіндегі кеңесім, егер сот орындаушыларының тарапынан заңсыздықтар байқалса, міндетті түрде тиісті мекемелерге арыз-шағым түсірген жөн. Өңірлік сот орындаушылар палатасына арыз беру арқылы сот орындаушыға шағым беріледі.

Салтанат ДИХАНБАЕВА,
«Құқықтық қорғау және заңды қызмет
көрсету орталығы» заң консультанттары
палатасының заңгері:

ТӘРТІП ПЕН ӘДІЛЕТТІЛІКТІ
САҚТАУДА РӨЛІ МАҢЫЗДЫ

Сенімді жеке сот орындаушылары өз міндетін заңнамаға және жоғары кәсіби стандарттарға сәйкес орындайды. Олар атқарушылық рәсімдерді жүргізу кезінде дәлдік және объективтілік танытады. Мұндай жеке сот орындаушылар сот процесінде барлық тараптың игілігі үшін жұмыс істейді, заңдылықты сақтау үшін әділ жолмен жүреді. Жеке тәжірибемде өз ісіне адал, сенімді сот орындаушыларды жиі кездестірдім.

Әр іске, тараптардың құқықтары мен мүдделеріне құрметпен қарайды және олардың шешімдері заңды негіздерге негізделген. Олар сондай-ақ, азаматтармен ашықтық пен қарым-қатынасты сақтайды, бұл азаматтардың сеніміне кіреді, сенімді қарым-қатынасқа ықпал ететіні сөзсіз. Өкінішке қарай, басқа қызмет саласы сияқты, жеке сот орындаушыларының арасында да заңсыз әрекет ететін мамандар табылады. Жеке сот орындаушылары қоғамдағы тәртіп пен әділеттілікті сақтауда маңызды рөл атқарады. Бәрі бірдей заңды белден басады деу – әбестік. Мен білетін сот орындаушылардың дені жұмысына адалдық танытып келеді. Сондықтан кейбір сот орындаушылардың әрекеті басқаларына көлеңке түсірмеуі керек. Соттың шешімдерін орындауда, азаматтардың құқығын қорғауда кәсіби тәжірибесі мол сот орындаушыларын қолдау өте маңызды.



МАМАН ПІКІРІ

Жүрегіңізді сақтаңыз

№8 қалалық клиникалық ауруханасы қабылдау бөлімінің меңгерушісі Дастан Төлебаевтың айтуынша, көптеген адамда ауа температурасының жоғарылауына байланысты қан қысымы көтеріліп, жалпы жағдайы нашарлайды. Сондай-ақ, аптап ыстық жүрек ауруы бар жандар үшін аса қауіпті. Жоғары температура жүрекке күш түсіріп, қан айналымын бұзуы мүмкін. Қатты ыстық кезінде денеге физикалық күш түсіретін ауыр жұмыс істемеген жөн. Сұйықтықты жеткілікті мөлшерде ішкен абзал.

«Егер сізде сұйықтықты көп ішуге медициналық қарсы көрсетілімдер бар болса, дәрігермен кеңесіңіз. Егер аптап ыстықта қатты шаршасаңыз, басыңыз айналаса немесе тыныс алуыңыз қиындаса, дереу дәрігерге қаралыңыз», – дейді Дастан Төлебаев.

Жүкті аналарға ескертеді

№4 перзентхана директорының орынбасары Екатерина Самарцева аптап ыстықта жүкті әйелдерді де сақ болуға шақырып тұр. Өзінің де, құрсақтағы шарананың да амандығы үшін ыстық күндері денеге аса күш түсірмеген дұрыс дейді.

«Күн астында отырмаңыз. Жабық және жеткілікті мөлшерде желдетілмеген бөлмелерде қалмаңыз. Диетаны қадағалаңыз және дәрумендер мен минералдарға бай тағамдарды тұтыныңыз. Егер ыстық өтіп өтіп, бас айналу, жүрек айну, әлсіздік, дене температурасының жоғарылауы немесе қатты терлеу сияқты белгілер байқалса, дереу медициналық көмекке жүгіну керек», – деді маман.

Синоптиктердің мәліметінше, республиканың біраз аумағында алдағы күндері 45 градусқа дейінгі ыстық сақталады. Оңтүстік пен оңтүстік-шығыстағы күндізгі ауа температурасы +30 және +37 градусты көрсетеді. Ыстық ауа райы денсаулыққа қауіп төндіреді. Сондықтан Алматының дәрігерлері сіз бен бізге бірнеше ұсыныс айтты.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Балаға абай болайық

Педиатрлар да балаларды қатаң бақылауда ұстау керектігін айтады. Олардың сыртқа шығу уақытын, тікелей күн сәулесінің астында қалмауын қадағалаған жөн дейді мамандар. Әлі тілі шыға қоймаған балдырғандардың дене температурасын бақылап, оларға жеткілікті мөлшерде сұйықтық беру қажет.

«Балаларға табиғи маталардан тігілген жеңіл, кең киім киізу керек. Сағат 11.00–16.00 аралығында тікелей түсетін күн сәулесінен аулақ болғаны жөн. Күн көзінен қорғайтын кремдер



қолдану керек. Балалар жемістерді көбірек тұтынғаны жақсы. Олардың тынысты тарылтатын жабық, әрі желдетілмеген бөлмеде қалмағаны дұрыс», – дейді Балалар шұғыл медициналық көмек орталығының көпсалалы соматикалық бөлімшесінің меңгерушісі Шолпан Қайыпназарова.

Судан артығы жоқ

Ал №8 қалалық емхананың дәрігері Гүлмира Байшолақованың айтуынша, ыстық күндері қантты, газдалған сусындар, кофе немесе алкогольдік өнімдер ішпеген

дұрыс. Аптап ыстықта денсаулық пен ағзаның әл-ауқатын сақтап тұратын сусын – қарапайым су. Су ағзаны құрғатпай ылғалдандырып тұрады. Ал бұл өз кезегінде барлық орган мен жүйелердің қалыпты жұмыс істеуі үшін маңызды.

«Әсіресе, ұзақ уақыт күн астында жүріп келіп немесе көп күш жұмсап жұмыс істеп келіп, бірден мұзды су ішеу керек. Бұл асқазанды құрыстырып тастауы мүмкін. Күн ыстықта егер аузыңыз құрғап, бойыңызды әлсіздік билеп, басыңыз айналып, зәріңіздің түсі қоңыр тартып, көлемі де әдеттегіден азайғанын байқасаңыз, онда көбірек су ішуге ден қойыңыз», – дейді Г.Байшолақова.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

ГАДЖЕТ ЖӘНЕ БАЛА
пайдасы мен зияны қандай?

Гаджетті шектен тыс пайдаланудан 40 мыңға жуық баланың мінез-құлқы бұзылған. Дәрігерлердің айтуынша, гаджеттегі зиянды контент бүлдіршіндердің миының дамуына кері әсерін тигізуде.

Айнабай
МӘДІ

Дәрігерлер күнделікті қолымызда жүрген смартфонды жас балаға ұстату аса қауіпті деп дабыл қағуда. Айтуынша, қазір кішкентайлардың тілінің кеш шығуына бірден-бір себеп – дәл осы телефон. Бүлдіршін гаджетті қолына алғанда мына әлемнен алыстап, виртуалды әлемге еніп кететін көрінеді. Соның кесірінен миы кеш дамиды, ойлау қабілеті бәсеңсіп, ашушаң болады.

– Телефонды көп көретін баланың психологиясы тым әлсіз болады. Интеллектуалды түрде дамымайды. Ойлауға ерінеді. Себебі, бүкіл нәрсе телефонда дайын тұр. Түрлі образды гаджеттен көріп алады. Сәйкесінше, бала ерте бастан дұрыс дамымайды. Ондай балаға мектеп те қызықсыз. Сол себептен, білім сапасы нашарлай бастайды, – деді ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс балалар психиатры Марина Вихновская.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық Құрылтайда сөйлеген сөзінде бала тәрбиесіне бірінші кезекте ата-аналары жауапты екенін, одан кейінгі тәрбие балабақша мен мектепке жүктелетінін атап айтқан болатын. Технология жылдам дамып, жетілген бұл кезеңде балаға телефон ұстатпай тағы болмайды. Отбасылық психологтың айтуынша, бүлдіршіннің қандай контент қарайтынын қадағалау қажет. Телефон немесе планшетті қолына ұстатқанмен, баланы бөлек отырғызуға болмайды.

– Ата-ана бұл жерде цифрлық сауаттылығын дамытып, балалардың жас ерекшелігін қадағалау керек. «Балам не көріп жатырсың, бұл 12 жастағы балаға арналған ғой, көруге болмайды» деп ескертуі керек.

Мәселен, ватсап пен тиктокты 12 жаста, телеграмды 17 жаста қолдануға болады. Демек, 12 жасқа толмаған балаға әлеуметтік желіні қолдануға болмайды, – деді отбасылық психолог Ержан Мырзабаев.

СӘТТІ ОТА

Мегаполистегі №4 қалалық аурухананың комбустиолог-мамандары моншадағы ыстық пешке құлап, қатты күйіп қалған науқастың өмірі үшін 77 күн бойы күресті. Ер адамның денесінің 50%-ын терең күйік шалған.

ҚЫРЫҚ КҮН
жансақтау бөлімінде
жатқан пациент аман қалды

«Науқас өте ауыр жағдайда түсті, сондықтан қабылдау бөліміне өтпей, бірден жансақтау және қарқынды терапияның анестезиология бөліміне жатқызылды. Жансақтау бөлімінде күйіп қалған пациенттерді емдейтін, «редактрон» төсегімен жабықталған мамандандырылған палата бар. Науқасқа бірден жеке пост қойылды. Біз қолдан келгеннің бәрін істедік», – дейді №4 қалалық клиникалық аурухананың жансақтау бөлімінің меңгерушісі Жандос Дәулетбеков.

Пациент жансақтау бөлімінде 41 күн жатып, жағдайы тұрақталғаннан кейін аурухананың күйік бөлімшесіне ауыстырылған.

«Біріккен жарақат. Оң қол-аяқтың, дененің оң жағының S=50% (30%) / I-II-IIIa-IIIb-IV дәрежелі термиялық күйігі. Бір мезгілде аутодермопластикамен бес некрэктомия операциясы жасалды, яғни терісі

ауыстырылып орналастырылды. 77-ші күні науқастың жағдайы жақсарып, үйіне шығардық», – дейді аурухананың күйік аурулары бөлімшесінің меңгерушісі Елдос Әлменов.

Ес-түссіз күйде қызып тұрған пеште қанша уақыт жатып қалғаны белгісіз алматылық Григорий Лосецкий өмірге қайта келгеніне қуанышты. Және де ажал аузынан аман алып қалған ақ халатты абзал жандарға деген алғысы шексіз.

«Дәрігерлердің арқасында мен тірімін. Қырық күн бойы қасымда кезекшілікте болған жансақтау бөлімінің мамандарына алғыс айтамын. Күйік бөлімшесінің дәрігерлері, медбикелері мен кіші медбикелеріне мың алғыс. Міне, өз аяғыммен үйге қайтып барамын. Сезімді сөзбен айтып жеткізе алмаймын», – деді ол.

Нұр ЖАМАЛ.



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 12 шілдедегі №3/370-415 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 16 тамыздағы №9 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сумен жабдықтау және су бұру желілерін дамыту үшін, Алматы қаласының Бостандық ауданындағы «Нұрлытау» шағынауданында орналасқан орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орын-басарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 12 шілде
№3/370-415 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-055-1568	«Нұр Алатау» шағынауданы, Ғазиза Жұбанова көшесі	жалпы - 1,1602 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0099
2.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-055-1535	«Нұр Алатау» шағынауданы 1480/1 учаске	жалпы - 0,7463 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0261
3.	Рушинова Татьяна Ивановна	20-313-057-268	«Алатау» бағбандық серіктестігі, 115 учаске	жалпы - 0,0812 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0030
4.	Савченко Игорь Олегович	20-313-057-356	«Алатау» бағбандық серіктестігі, 176 учаске	жалпы - 0,1060 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0055
5.	Савченко Антонина Константиновна	20-313-057-453	«Алатау» бағбандық серіктестігі, 179 учаске	жалпы - 0,1500 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0048
6.	Ойстрах Марина Ринатовна	20-313-057-530	«Алатау» бағбандық серіктестігі, 117 учаске	жалпы – 0,0670 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0010
7.	Гиталов Андрей Сергеевич	20-313-057-574	«Алатау» бағбандық серіктестігі, 186 учаске	жалпы - 0,1500 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0054
8.	Вишняков Олег Викторович	20-313-057-785	«Алатау» бағбандық серіктестігі, 116 учаске	жалпы - 0,1000 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0061
9.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-943	«Нұрлытау» шағынауданы, 1383/29 учаске	жалпы - 0,1000 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0181
10.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-944	«Нұрлытау» шағынауданы, 1383/28 учаске	жалпы - 0,1000 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0316
11.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-947	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/42 учаске	0,0860
12.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-949	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/14 учаске	0,1000
13.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-950	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/13 учаске	жалпы - 0,1354 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0354
14.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-952	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/27 учаске	0,1000
15.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-954	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/28 учаске	0,1000
16.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-968	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/59 учаске	0,1000
17.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-971	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/53 учаске	0,1000
18.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-980	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/34 учаске	0,1000
19.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-981	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/41 учаске	0,0736
20.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-984	«Нұрлытау» шағынауданы, 1383/35 учаске	жалпы - 0,1086 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0166
21.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-985	«Нұрлытау» шағынауданы, 1383/38 учаске	жалпы - 0,1162 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0270
22.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-990	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/65 учаске	жалпы - 0,2026 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0550
23.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1004	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/40 учаске	жалпы – 0,1000 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0400

24.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1005	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/23 учаске	жалпы – 0,1000 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0008
25.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1006	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/22 учаске	0,1436
26.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1007	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/36 учаске	0,1000
27.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1019	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/48 учаске	0,1000
28.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1021	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/10 учаске	жалпы – 0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0121
29.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1023	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/21 учаске	0,1180
30.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1025	«Нұрлытау» шағынауданы, 1383/37 учаске	жалпы – 0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0246
31.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1026	«Нұрлытау» шағынауданы, 1383/36 учаске	жалпы – 0,0904 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0514
32.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1029	«Нұрлытау» шағынауданы, 1381/87 учаске	жалпы – 0,1000 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0411
33.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1030	«Нұрлытау» шағынауданы, 1381/86 учаске	жалпы – 0,1000 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0108
34.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1035	«Нұрлытау» шағынауданы, 1381 учаске	жалпы - 5,9854 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,7500
35.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1063	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/8 учаске	0,0902
36.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1066	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/58 учаске	0,1000
37.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1082	«Нұрлытау» шағынауданы, 1383/40 учаске	жалпы – 0,0897 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0464
38.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1085	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/26 учаске	0,1000
39.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1089	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/30 учаске	0,1107
40.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1094	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/54 учаске	0,1000
41.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1095	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/55 учаске	0,1000
42.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1096	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/16 учаске	0,1000
43.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1100	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/89 учаске	жалпы – 0,1000 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0132
44.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1118	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/31 учаске	0,1000
45.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1125	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/18 учаске	0,1000
46.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1142	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/66 учаске	жалпы – 0,1280 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0129
47.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1144	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/32 учаске	0,1000
48.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1158	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/39 учаске	жалпы – 0,0752 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0272
49.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1160	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/20 учаске	жалпы – 0,1300 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0674
50.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1172	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/35 учаске	0,1000
51.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1174	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/33 учаске	0,1000
52.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1177	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/88 учаске	жалпы – 0,1000 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0369
53.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1185	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/56 учаске	0,1000
54.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1187	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/29 учаске	0,1000
55.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1188	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/50 учаске	0,1000
56.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1189	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/49 учаске	0,1000
57.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1196	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/17 учаске	0,1000
58.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1198	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/43 учаске	жалпы – 0,1000 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0346
59.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1199	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/7 учаске	0,1025
60.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1214	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/57 учаске	0,1000
61.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1220	«Нур Алатау» шағынауданы 1382/25 учаске	0,1000
62.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1223	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/19 учаске	жалпы – 0,1416 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,1000
63.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1225	«Нұрлытау» шағынауданы, 1381/85 учаске	жалпы – 0,1000 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0271
64.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1235	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/9 учаске	0,1252
65.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1237	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/51 учаске	0,1000
66.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1239	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/52 учаске	0,1000
67.	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-1249	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/6 учаске	жалпы - 0,0790 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0007



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 12 шілдедегі №3/370-416 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2023 жылғы 16 ақпандағы №1 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Елдімекендердің ортақ пайдалануындағы объектілердің құрылысы (театр) үшін «BI Realty Almaty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сәтбаев көшесі, 26/4 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-313-003-377) ауданы 1,7847 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының тегеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің 2023 жылғы 3 шілдедегі №06-01/01 шешімі

Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің 2018 жылғы 20 наурыздағы «Алматы қаласы Медеу ауданы әкімі аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» №06-01/01 шешімінің күшін жою туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Алматы қаласы Медеу ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің 2018 жылғы 20 наурыздағы «Алматы қаласы Медеу ауданы әкімі аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» №06-01/01 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1461 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Е.ОРАЗАЛИН

ЕЛ ҚОРҒАНЫ

17 жастан әскерге әзір бол!



Келер жылдан бастап 17 жастағы ер-азаматтар автоматты түрде әскери есепке алынады. Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметі осылай деп хабарлады.

«2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап пилоттық жоба аясында 17 жастағы ер-азаматтарды әскери есепке алу автоматты түрде өтеді. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттің бастамасын Премьер-Министр, мүдделі мемлекеттік органдар, облыс, қала әкімдіктері қолдады. Мұны жүзеге асыру мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесін түрлендіру мен интеграциялаудың нәтижесінде мүмкін болды. Еліміздегі 16 жастан 60 жасқа дейінгі ерлерді әскери есепке алумен толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», делінген хабарламада.

Енді 17 жасқа толған ер-азаматтарды тіркеу жыл сайын жүргізіледі. Әскери қызметке жарамдылығын тексеру міндетті түрде жүзеге асырылады.

А.ТЕҢІЗБАЕВ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

2023 жылы 20 шілде сағат 11.00-де Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 130 мекенжайыдағы «М.Дулатов атындағы №136 мектеп-гимназиясы» КММ-де Алматы ауданының әкімі А.Е.Жәкібаевтың халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға қалалық Мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, прокуратура қызметкерлері және аудандық басқарма өкілдері қатысады.

Тұрғындардың өзекті толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер WhatsApp – 8 708 683 02 94, Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimatalmaly, Twitter – akimat_almaly, Алматы ауданы әкімі аппаратының WEB-сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

*құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 5 айға – 3002,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 5 айға – 8102,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы поштамтына:
8 777 699 07 42 телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ӨНЕР

ТАМСАНДЫРҒАН ТУЫНДЫЛАР

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде
«Болатты кескіндеме» атты Болат Ахметовты еске алу көрмесі ашылады

Өнер адамдарының арасында Болат Ахметов деген есім жақсы таныс. Ол – Алматы сәулет-құрылыс институтының түлегі, суретші, архитектор, музыкант, «Казреставрацияда» сәулетшілік қызмет атқарып, Айша бибі, Қожа Ахмет Ясауи кесенелерін қайта қалпына келтіруге қатысқан тұлға.

**Нұржамал
ӘЛІШЕВА**

Алғашқы маңызды жұмыстарының бірі – Гипрогордағы пионерлер және оқушылар сарайы. Сонымен қатар, кескіндеме және музыкалық туындылар жазумен айналысқан. 20 шілдеде мегаполистегі Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде «Болатты кескіндеме» атты Болат Ахметовты еске алу көрмесі ашылады. Өкінішке орай, өнердің өз өкілі арамыздан былтыр кетіп қалған болатын.

Көрмеден көрініс табатын картиналар жер шарындағы ең сұлу саналатын шындар мен мұздықтарға арналған. Онда суретшінің соңғы жылдардағы кескіндемелік таулы

пейзаждардан тұратын он алты жұмысы қойылады. Тақырып Тянь-Шань тауларындағы көрікті жерлерді қамтиды.

– Табиғат – алуан түрлі ерекшелікке бай сұлу жаратылыс. Әсіресе, таулардың әсем көрінісі адам жанын тебіртетін құбылыс. Таулардың алып тастары, қыраттары, биік қарлы шыңдары кескіндемелік әдістерсіз-ақ көркем. Сондықтан да Болат Ахметовтың гиперреалистік таулы пейзаждары табиғаттың өзіндік көркемдігіне артық нәрсенің керексіздігін дәлелдейді. Ол осы сериялық жұмыстарында Тянь-Шань мұздықтары мен шыңдарын жазған. Бейнелеу өнерінің негізгі қағидасы – сұлулыққа ұмтылу. Ал таулардың ең сұлу жерлері – биік шыңдары болып саналады.

Қысқаша айтқанда, тау шыңына ұмтылу сұлулыққа ұмтылумен бірдей. Суретшінің туындыларында алдыңғы пландағы белгілі бір шыңның тура бейнесі тамашалауға ыңғайлы деңгейінде орындалып, ерекше бұлттармен үйлескен. Көкжиексіз көк аспанмен араласып ұлылық сезімін ұялатады. Басты назарда қыратты шыңның түстік түзілімі нақты, қайталанбас пішіндер, қатаң бұрыштар және ойнаңқы жарық-көлеңкелі көрсеткіштер.

Мысалы, «Озерный шыңы» картинасында дәл ортада суық ақ-қоңыр түсті шыңның басты бейнесін және де айналасы қалың қарлы таулармен жалғасып, жоғарғы жағы аспанмен таласып тұрғандай әсер береді. Күнге шағылысқан қарлардың суық түстерін қоңыр тасты шыңдармен үйлестіріп жазған. Таулы шыңның ауалық кеңістігі үйлесімділікті сақтап тұрады, – дейді көрме жетекшісі Дарын Жиенбаев.

Болат Ахметовтың тауға арналған туындылары тек табиғи тұрғыдан ғана емес, тұлғалық тұрғыдан да тақырыптық мінезге ұмтылыстың көрінісі деп бағалап отыр мамандар.

ЕЗУАРТАР

КҮЛЕ ОТЫРАЙЫҚ

Автобуста. Бір жігіттің саусағына жанында тұрған адамның сөмкесінен әлдене тамып кетеді. Жігіт әпенділеу болса керек, саусағын жалап көріп:

– Қияр сатып алып па едіңіз? – дейді.

– Жок, күшігімді саяжайға апара жатыр едім? – деген екен жолаушы.

– Даяшы, сіз маған ескірген шарап әкеліпсіз, міне, қараңыз сенбесеңіз, лайланып кетіпті.

– О не дегеніңіз, шарап таза, стакан жуылмаған ғой.

Бір еркек базарда сауда жасап тұр:

– Мынау не?

– Алма.

– Маған бір келісін беріңіз және әр талын жеке-жеке орап беріңіз.

– Мынау ше?

– Ол жаңғақ.

– Бұдан жарты келі беріңіз және әр талын орап беріңіз.

– Ал мынау не?

– Мейіз ғой, бірақ ол сатылмайды.

– Папа, балалар қалай пайда болады?

– Ол өте ұзақ әңгіме, балам. Кейінірек айтып беремін.

– Тым болмаса бас жағын айтып беріңізші.

– Ескі пальтосның түймелері үзіліп бітті. Киюге ұят өзі!

– Ештеңе жоқ, ертең сатып әперемін.

– Пальто ма?

– Жок, түйме әперемін.

Әйелі күйеуіне:

– Неге үйленбей тұрып кедей екеніңді айтпадың?!

Күйеуі:

– Айттым ғой, «барым да, нарым да – сен» деп!

– Құлыным, дискотекаға күн құрғатпай бара бермесеңші. Шұдаңғаза ғой онда, керең болып қаларсың.

– Рахмет, мама, мен тамақтанып алдым.

Нұр ЖАМАЛ.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН

Болашақ балбалтастар



Карикатура авторы Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

Кітап – алтын қазына

**ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ**

EUR/KZT 501,17 теңге



USD/KZT 446,48 теңге



RUB/KZT 4,95 теңге



CNY/KZT 62,55 теңге